

Еуразия елдері әйелдерімен ынтымақтастық жөнінде топ құру туралы хаттама жасасу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1999 жылғы 17 шілде N 992

Еуразия елдері әйелдерімен ынтымақтастық жөнінде топ құру туралы хаттама жасасу туралы қол жеткізілген уағдаластықты іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Еуразия елдері әйелдерімен ынтымақтастық жөнінде топ құру туралы

хаттама жасалсын.

2. Қазақстан Республикасының Министрі - Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Отбасы және әйелдер істері жөніндегі ұлттық комиссияның төрағасы Айткүл Байғазықызы Самақоваға Қазақстан Республикасы Үкіметінің атынан Еуразия елдері әйелдерімен ынтымақтастық жөнінде топ құру туралы хаттама жасасуға өкілеттік берілсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Оқығандар:
Орынбекова Д.
Кобдалиева Н.